



**2024 – 2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН**  
**«Өнерлі екен он саусақ» тақырыбы бойынша**  
**ересек тобының вариативтік компонент жоспары**

## Балалардың қызығушылығына арналған

### оқу қызметіне тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Қағаз, қарындашпен танысу	Қағазбен майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Зейінділікке, қабілетін дамыту. Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу	1
2	Ақ жауын	Балаларды табиғат құбылыстарын бақылап отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларың қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, бейнеленген заттарын музыка әуенімен қимыл қозғалыста үйлестіре білуге бағыттау, ептілік пен жинақылыққа тәрбиелеу	1
3	Түрлі-түсті жіптер	Фломастерді немесе майлы қарындашты дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету. Қағазды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін дамыту; Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
4	Дәмді алмалар	а) Алманың суретін сала білуді үйрету. Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық, тегіс бояуға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.	1
5	Әжемнің әдемі алашасы	Балалардың қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемдікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
6	Күзгі жапырақтар	а) Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Жапырақтардың түстерінің ауысуы жөнінде түсіндіре отырып, суреттерін көрсету. ә) Күзгі жапырақтардың суретін салып, қылқаламмен бояу әдісін үйретіп, балалардың қызығушылықтарын арттыру. б) Балаларды табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.	1
7	Торғайларға жем шашамыз.	Жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне триз әдісі арқылы нүктелерді түсіруді үйрету.	1
8	Әдемі доптар	Гуашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: дөңгелек затты-доптың суретін салуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялдарын дамыту; байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс қалыптастыру; шыдамдылыққа, төзімділікке, еңбек- сүйгіштікке тәрбиелеу.	1
9	Қызыл алма	а) Алманың суретін сала білуді үйрету. Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық, тегіс бояуға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.	1
10	Қандай сурет салғың келеді, балақай	дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей білуге үйрету; Қолданылатын көрнекі құралдар: Жемістердің суреттері	1

11	Шырша	Қылқалам ұшымен шыршаларды салуға үйрету	1
12	Ағаштар	Балабақша айналасындағы өсіп тұрған ағаштардың қасиеті туралы түсінік беру, Өмірдегі оның орны мен маңызы туралы түсіндіру. Балалардың сөз қорын дамыту. Табиғатты аялауға ,ластамауға баулу	1
13	Ұлттық бас киімдер шеруі	Балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын қалыптастыру. Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолданумен өзін - өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытуға үйрету	1
14	Қарға көмілген ағаштар	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезіну.	1
15	Аққала	Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту. Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір-бірімен қосу арқылы салуды үйрету. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.	1
16	Жаңа жылға безендірілген шырша	Жаңа жыл мерекесіне балалардың жеке жаңа жылдық суреттерін салуға үйрету. Шыршаның суретін салуға дағдыландыру. Үшбұрыштар арқылы шыршаны салып, безендіру. Шырша шамдарын бастыру арқылы орналастыру.	1
17	Жақсы деген не, жаман деген не?	Әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалауды үйретіп, дамыту. Адамның теріс қылықтарын көре білуді қалыптастыру;	1
18	Қоянға арналған сәбіз	Қоршаған ортамен таныстыруды жалғастыру, қоянның тіршілігі туралы балаларға түсінік беру. Жануарларға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.	1
19	Театр шежіресі	Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану(маскалар, грим, костюмдер) арқылы баланың жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту	1
20	Торғайлар	Бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне триз әдісі арқылы нүктелерді түсіруді үйрету.	1
21	Жалауша	Балаларды қарапайым бейнелерді жабыстыру біліктерін дамыту. Қиып алу технологиясын пайдаланып, желім жағу арқылы жапсыруға үйрету.	1
22	Көктегі ұшақтар	Әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру, сурет салудағы іскерлік дағдыларын дамыту.	1
23	Ойыншықтар	Ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп /аты, түсі, көлемі, материалы, жасалуына қарай алуан түрлі болатыны/, әңгімелеп айтып беруге, ойыншықтардың жекеше, көпше атауларын айтуға үйрету.	1
24	«Мақтаншақ алма» ертегі	Сюжеті бойынша ертегіні сахналау. Театрландырылған әрекетті менгеру, әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалауды үйрету	1
25	«Нан қайдан шығады» ертегі	Сюжеті бойынша ертегіні сахналауда еңбекті құрметтеу, адамгершілік нормалары туралы түсініктерін қалыптастыру	1
26	Анама арналған сыйлық	Шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру. Ата-ананы сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу.	1
27	Әнші төлдер	Тақпақ сюжеті бойынша кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік әрекеттерді менгерту. Өз ойын айта білу, басқалардың пікірін тыңдай білуге қалыптастыру	1

28	Балапандар	Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру, эстетикалық талғамын дамыту. Үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.	1
29	Мерекелік концерт	Өзін өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытуды дамыту.	1
30	Алтын күн	Күн жайлы мәлмет беру, күннің көзі жарқырап тұрса, жылу беретінін түсіндіру, күннің суретін салуға үйрету, қиялдарын дамыту. Өзара ауызбіршілікпен жұмыс істеуге, әдемілікке, талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
31	Ертегі костюмдер жәрмеңкесі	Жәрмеңкеде таныс кейіпкерлер костюмдерін таңдауды, оларға ұқсап әрекеттер жасауды қалыптастыру.	1
32	«Ертегілер әлемі»	Айналадағы өмірде де ертегі болуы мүмкін егер ойшаң болсаң деген түсінікті қалыптастыру	1
33	«Сән орталығы»	Ұлдар батыл, еңбекқор және ақылды, қыздар қарапайым, әдемі өнерлі болуымен қатар өз ойын білдіріп, басқалардың пікіріне құлақ асатын, мінез құлық ерекшелігін тәрбиелеп қалыптастыру	1
34	Сүлгіні эшекейлеу	Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру	1
35	Гүлдер	Гүлдердің түрлері мен таныстыру. Сөздік қорларын, ой - өрісін, қиялын дамыту. Гүлдерді аялай білуге әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. Гүлдер туралы тақпақ айтқызып сөздік қорларын дамыту. Гүлдер туралы жұмбақтар жасырып ойлау қабілеттерін дамыту. Гүлдердің түрлерімен таныстырып, оларды ажырата білуге үйрету.	1
36	Жайдарлы жаз келді	«Жайдарлы жаз келді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру; сөздік қорларын толықтыру; табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.	1
<b>Барлығы: 36</b>			